



«FORTEBANK» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

БЕКІТІЛДІ

«ForteBank» АҚ Директорлар
кеңесінің 2024 жылғы «29» қазандағы
шешімімен (№ 25 (з) хаттама)

2024 жылғы «05» қарашадан бастап
қолданысқа енгізілді

Корпоративтік этика кодексі
(құжаттан үзінділер)

Астана қ-сы, 2024 жыл

Корпоративтік этика кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасының заңнамасына, корпоративтік басқарудың және іскерлік этиканың үздік халықаралық стандарттары мен тәжірибелері ескерілген «ForteBank» АҚ (бұдан әрі – Банк) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және бұл құжат ішкі корпоративтік мәдениетті дамыту, Банк қызметкерлерінің тәртібінің құқықтық және этикалық негізін қалыптастыру, сондай-ақ олардың барлық мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу нормалары мен қағидаттарының жиынтығын қамтиды.

1-бап. Жалпы ережелер

1. Кодекс Банктің және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлеріне күнделікті жұмыста, сонымен қатар стандартты емес және тәуекелі жоғары жағдайларда негізді және этикалық шешімдер қабылдауға көмектесетін Банктегі және оның еншілес ұйымдарындағы кәсіби этиканың стандарттарын айқындайды.
2. Кодекстің мақсаты:
 - 1) барлық мүдделі тараптың Банкке және оның еншілес ұйымдарына деген сенімін жоғары деңгейде ұстап қалу, сондай-ақ Банктің қаржы нарығының адал және ашық қатысушысы ретіндегі беделін нығайту;
 - 2) Банк клиенттеріне қызмет көрсетудің тиісті сапасын қамтамасыз ету және олардың жоғары ниеттестік деңгейін қолдау;
 - 3) Банктің жоғары этикалық қағидаларды ұстанатын жауапты жұмыс беруші ретіндегі имиджін қолдау;
 - 4) жоғары этикалық стандарттар мен корпоративтік құзыреттерге негізделген корпоративтік мәдениеттің жоғары деңгейін сақтау, ұжымда сенімділіктің, өзара сыйластық пен әдептіліктің, оң синергияның атмосферасын сақтау;
 - 5) Банк қызметкерлері мен оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің тұрақты кәсіби және тұлғалық дамуын жетілдіру.
3. Кодекстің ережелері олардың лауазымына, еңбек өтіліне қарамастан, Банктің және оның еншілес ұйымдарының барлық қызметкеріне қатысты және ол күнделікті жұмыста лайықты қолданылуы тиіс. Бұл Кодекспен Банктің және оның еншілес ұйымдарының барлық қызметкері танысулары және оның талаптарын орындаулары керек;
4. Банктің және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері өз жұмыстарында Кодексте белгіленген қағидаттар мен этикалық стандарттарды басшылыққа алуы, сондай-ақ оны Банктің басқа қызметкерлерінің мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлерінің түсінулеріне ықпал етулері тиіс.
5. Кодекс – жария құжат және құжаттың үзіндісі Банктің www.forte.kz сайтында орналастырылады. Ол әдепті және адал жұмыс нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған корпоративтік этика қағидаттары мен стандарттарын бірыңғай түсінуді қамтамасыз ететін оның ережелерімен барлық мүдделі тарапты таныстыруға арналған.
6. Банктің Директорлар кеңесі сыртқы мердігерлерді тарту (аутсорсинг) нәтижесінде туындайтын тәуекелдерді басқарудың тиімді қағидаттары мен тәжірибенің болуын қамтамасыз етеді.

2-бап. Терминдер және анықтамалар

1. Кодексте және оның мақсаттары үшін келесі негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылады:
 - 1) **абьюзивті іс-әрекеттер** - басқа тұлғаның жеке шекарасын бұзуға, эмоциялық және психологиялық тұрғыдан оны басыну мақсатында қорлауға, қатыгездікке әкеп соғатын іс-әрекеттер;
 - 2) **адалдық** - кәсіби қызметте және күнделікті өмірде әдеп қағидаттарын ұстану, лауазымдық міндеттерін атқару кезінде барлық мүдделі тараптың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау;
 - 3) **мүдделі тараптар** - клиенттер, Банктің қызметкерлері және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері, әлеуметтік қоғам, акционерлер, жеткізушілер, іскер әріптестер және банк қызметіне қандай да бір дәрежеде тартылған, онымен жұмыс

- істеуге мүдделі, Банкке ықпалы бар немесе Банк тарапынан оған ықпал бар басқа да тұлғалар мен субъектілер;
- 4) **құпия ақпарат** - жария етілуі немесе жоғалуы - Банктің және/немесе оның еншілес ұйымдарының мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін коммерциялық, банктік, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер жиынтығы;
 - 5) **корпоративтік этика** - Банк пен оның еншілес ұйымдары ішіндегі қызметкерлердің жүріп-тұру тәртібі қағидаларының жүйесі;
 - 6) **қолданылатын заңдар** - Банктің және оның еншілес ұйымдарының қызметіне ықпал ететін Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің заңнамасы;
 - 7) **қысым көрсету** - ұжымда қырғиқабақ ахуал, басыну немесе қорлау жағдайын туғызатын, адамның қадір-қасиетін қорлауға, басынуға немесе қысым көрсетуге бағытталған мінез-құлық;
 - 8) **этика** - бір-бірімен және өзге де мүдделі тараптармен қарым-қатынас жасау кезінде Банк пен оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің корпоративтік тәртібіне негіз болатын адамгершілік және моральдық құндылықтар жүйесі.

3-бап. Корпоративтік этиканың қағидағтары және стандарттары

1. Этикалық қағидағтарды сақтау Банктің және оның еншілес ұйымдарының ұзақ мерзімді табыстылығының ажырамас талабы болып табылады. Барлық қызметкерлер қоғамда қабылданған жүріп-тұрудың жеке тәртібін, сыртқы көріністің жоғары стандартын сақтаулары керек, тиісті корпоративтік құндылықтарға және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес болулары тиіс. Жеке тәртіптің жоғары стандарттары дегеніміз қызметкерлердің абыройлық, адал ниеттілік, әділдік, бейтараптық және басқаларды құрметтеу қағидағтарын сақтауын білдіреді. Корпоративтік этиканың жоғары стандарттарын сақтау және Банктің, оның еншілес ұйымдарының іскерлік беделін қолдау - оның қызметкерлерінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Қызметкерлер өз міндеттерін орындау барысында этикалық қағидағтарды және осы Кодексті үнемі басшылыққа алулары тиіс.
2. Банк қызметкерлерінің және оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің корпоративтік этикасы мен мәдениеті келесі қағидағтар мен стандарттарға негізделеді:
 - 1) **заңдылықты сақтау қағидағаты:** Банк мен оның еншілес ұйымдары қолданыстағы заңдарға толық сәйкестікте жұмыс істейді және барлық қызметкерлерінен осыны мүлтіксіз сақтауды талап етеді;
 - 2) **адалдық қағидағаты:** Банк және оның еншілес ұйымдары барлық мүдделі тараптармен әрқашан адал жұмыс істейді, бизнесті жүргізудің этикалық емес тәсілдерін пайдаланбайды. Банк қызметкерлерінің және оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің барлық іс-әрекеттері мен шешімдері адалдыққа, объективтілікке және бейтараптыққа негізделуге тиіс. Банк пен оның еншілес ұйымдары алдап-арбаудың, айла-шарғыларға барудың және үстірт қараудың кез-келген түрін қабылдамайды;
 - 3) **ашықтық қағидағаты:** Банк пен оның еншілес ұйымдары ашық диалогты пен ақпарат алмасуды қолдай отырып, барлық мүдделі тарап үшін қажетті ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Банк қызметкерлерінің және оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің мүдделі тараптардың мүдделеріне қатысты шешімдері ашық және түсінікті болуға тиіс. Барлық қатысушылар қағидалар, қабылданған шешімдердің процедуралары және себептері туралы хабардар болуы тиіс. Банк қаржылық және қаржылық емес есептілікте ақпараттың толық және уақтылы ашылуын қамтамасыз етеді.
 - 4) **әділеттілік қағидағаты:** Банк пен оның еншілес ұйымдары барлық мүдделі тарапқа теңдей қарайды және бейтарап көзқарасты қамтамасыз етеді. Банктің және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері шешім қабылдау кезінде заңдылықты және әділдікті қамтамасыз етуге міндетті;
 - 5) **жауапкершілік қағидағаты:** Банк пен оның еншілес ұйымдары - жауапты жұмыс берушілер, серіктестер және әлеуметтік қоғамның қатысушылары болып табылады, бұл дегеніміз - Банктің және оның еншілес ұйымдарының әрбір қызметкері өз міндеттемелерін адал, ашық және кәсіби тұрғыда қабылдайды және тиісінше орындайды деген сөз;
 - 6) **өзара сыйластық қағидағаты:** Банк пен оның еншілес ұйымдары өз қызметкерлерінен барлық мүдделі тараппен өзара сыйластықта жұмыс істеуді және оларға құрметпен қарауды талап етеді;

- 7) **кемсітушілік пен қудалаудың кез келген көрінісіне төзбеушілік таныту қағидаты:** Банк адамның нәсіліне, жынысына, жасына, этникалық тегіне, дініне, жыныстық бағдарына, мүгедектігіне немесе оның кәсіби қасиеттеріне қатысы жоқ кез келген басқа белгісіне, сондай-ақ жыныстық қудалаудың кез-келген түріне, соның ішінде жыныстық қатынасқа байланысты әділетсіз немесе біржақты көзқарасты мүлдем қабылдамайды.

4-бап. Корпоративтік этика нормалары

1. Этикалық нормалар Банктің және оның еншілес ұйымдарының корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады және барлық қызметкерге олардың күнделікті қызметінде бағыт-бағдар береді.
2. Корпоративтік этика келесі нормаларды сақтауға негізделеді:
 - 1) Қолданылатын заңдарды сақтауға..

Банктің әрбір қызметкері мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері қолданыстағы заңдар мен Банктің ішкі құжаттарының, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін талаптарын, сондай-ақ Банктің қызметіне ықпал ететін халықаралық санкциялар мен шет мемлекеттердің заңнамаларын мүлтіксіз сақтаулары тиіс.

Банк пен оның оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің ішкі құжаттар мен қолданыстағы заңдардың талаптарын бұзуларына жол берілмейді. Қызметкерлердің өз әріптестеріне, клиенттеріне, әлеуетті және қазіргі серіктестеріне Кодекс ережелерін, іскерлік этика қағидаттарын немесе Банктің өзге де ережелерін бұзатын, оларға қайшы келетін, қолданыстағы заңдардың талаптарын бұзатын немесе ықтимал бұзатын ұсыныстар жасауларына, сондай-ақ кез-келген деңгейдегі басшылардың осындай тапсырмалар берулеріне рұқсат етілмейді.

Банк пен оның еншілес ұйымдары өз контрагенттерінің қолданыстағы заңдардың талаптарын мүлтіксіз сақтағанын және халықаралық санкцияларды сақтағанын қалайды.
 - 2) Банк қызметкерлерінің және оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің қатысуымен болуы мүмкін мүдделер қақтығысына жол бермеу.

Банктің әрбір қызметкері мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері лауазымдық міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысын болдырмауға және/немесе ондайға жол бермеуге барлық күш-жігерін жұмсаулары тиіс.

Қызметкердің немесе үшінші тұлғалардың жеке мүдделері кәсіби пайымдаулардың объективтілігі мен бейтараптығына әсер етіп, Банктің, оның еншілес ұйымдарының және/немесе клиенттерінің, серіктестерінің және өзге де мүдделі тараптардың мүдделеріне қайшы келуіне жол берілмейді.

Банк өз қызметкерлерінің кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын мойындайды, егер ол жұмыс қызметкерлерге өз лауазымдық міндеттерін атқаруға әсерін тигізбесе, Банктің, оның еншілес ұйымдарының имиджі мен мүдделеріне нұқсан келтірмесе және жұмыс берушінің келісімімен жұмыстан бос уақытта, Банк аумағынан тыс жерде жүзеге асырылса.

Жағдайын, сондай-ақ Банктің және оның еншілес ұйымдарының іскерлік байланыстары мен мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өз тауарларын және/немесе қызметтерін ілгерілетуге жол берілмейді.

Бір-біріне тікелей бағыныстағы лауазымдарға жұмысқа ерлі-зайыптылар және/немесе жекжаттар болып табылатын жақын туысқан адамдарды қабылдауға жол берілмейді.

Мүдделер қақтығысының келтірілген мысалдары толық емес. Банктің лауазымды тұлғалары және қызметкерлері мүдделер қақтығысының, оның ішінде әлеуетті және мағынасы жағынан ұқсас басқа да жағдайларды алдымен өзі зерделейді, кейіннен ақпаратты 5-баптың 2-тармағында және/немесе Банктің «Мүдделер қақтығысын басқару саясаты» ішкі құжатында көрсетілген байланыс арналары арқылы жолдайды.
 - 3) Іскерлік мінез-құлық қағидаларын, ішкі бизнес-коммуникацияларын және белгіленген дресс-кодты сақтау.

Банк қызметкерлері мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері адамгершілік пен моральдің жалпы қабылданған қағидаттары мен нормаларын сақтаулары, сондай-ақ өз іс-әрекеттерінің Банктің және оның еншілес ұйымдарының имиджі мен беделіне әсер ететінін ұғынулары тиіс. Банк қызметкерлері мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері жұмыс орындарында да, банктен және оның еншілес ұйымдарынан тыс жерлерде де өздерінің кәсіби мінез-құлықтарына жауапты болады. Банк қызметкерлері

мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері әріптестерімен, клиенттерімен, серіктестерімен және өзге де мүдделі тараптармен, оның ішінде телефон арқылы сөйлескенде, онлайн және офлайн форматтағы кездесулерде сыпайылықты және кішіпейілдікті сақтайды.

Банктің және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері жұмыс орындарында жайлы жағдайды сақтау және кеңсенің жалпы аумағында тазалықты сақтау үшін жеке гигиена ережелерін ұстанулары тиіс.

Әріптестердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне тіл тигізетін немесе басқа әріптестер немесе үшінші тұлғалар тарапынан ықтимал біржақты көзқарасқа әкеп соғатын немесе теріс пікір қалыптастыратын жеке немесе кәсіптік қасиеттерді талқылауға, ұжымда жанжалдар туғызуға, ұстамсыздық пен агрессия көрсетуге, Банк және оның еншілес ұйымдары, Банк қызметкерлері мен оның жұмыскерлері арасында теріс ақпараттар, оның ішінде жанжалдар туралы және бейресми сипаттағы басқа да ішкі ақпараттарды таратуға жол берілмейді.

Банк пен оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің өзінің саяси және / немесе діни көзқарастарын ешкімге міндеттелгенін құптамайды.

Банк және оның еншілес ұйымдары жұмыс берушіге, клиенттерге және өзге де мүдделі тараптарға құрмет көрсету, Банктің корпоративтік құндылықтары мен корпоративтік мәдениетін ұстану, сондай-ақ Банктің және оның еншілес ұйымдарының кәсіптік ахуалын және іскерлік имиджі мен брендин қолдау мақсатында өз қызметкерлерінің корпоративтік дресс-кодты сақтағандарын күтеді.

Банк пен оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің құмар ойындарына және (немесе) бас тигуге, оның ішінде интернет-казино мен электрондық казиноға, ойын автоматтары залдарына, букмекерлік кеңселер мен тотализаторларға қатысуларына, сондай-ақ жоғарыда аталған мақсаттар үшін Банктің және оның еншілес ұйымдарының ағымдағы, карточкалық шоттары мен техникасын пайдалануларына жол берілмейді.

- 4) Жәбір көрсетудің, кемсітудің және психологиялық қысымның кез-келген түріне жол бермеу. Банктің қызметкерлері мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері әріптестеріне, серіктестеріне, клиенттерге және басқа да мүдделі тараптарға келесі факторларға қарамастан, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: жынысына, қызмет түріне, денсаулық ерекшеліктеріне, діни және саяси көзқарастарына құрметпен қараулары тиіс. Банк пен оның еншілес ұйымдары адамның жасына, жынысына, ұлтына, нәсіліне, саяси және діни көзқарастарына, денсаулық ерекшелігіне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, адамның кәсіби қасиеттерімен және лауазымдық міндеттерін орындауымен байланысты емес басқа да сипаттамалары бойынша кемсітушіліктің ешқандай түрін қабылдамайды. Әріптестерге, серіктестерге, клиенттерге және басқа да мүдделі тараптарға қатысты дөрекі, әдепсіз, қатты, адамды кемсітетін, қорлайтын және оған тіл тигізетін сөздерге, ым-ишараларға және іс-әрекеттерге жол берілмейді. Психологиялық қысым мен қудалаудың кез-келген түріне, жыныстық сипаттағы ұсыныстар мен әрекеттерге, адамның жеке және жыныстық өміріне қатысты сөздер айтуға немесе жұмыс орнында да, одан тыс жерлерде де орынсыз тақырыптарды талқылауға мүлдем болмайды.

- 5) Қызмет жағдайын заңды және әділетті пайдалану тәртібін сақтау.

Банктің қызметкерлері мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері әріптестерімен, серіктестерімен және өзге де мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу кезінде көрсетілетін қызметтердің бекітілген рәсімдері мен стандарттарын ұстанулары тиіс.

Басшылар қызметкерлерге әділ және объективті қарауы, оларды бөліп-жармай қарауы керек. Басшылар қарамағындағылардың жұмысын әділ бағалап қана, шешім қабылдаулары тиіс. Қызметкермен және/немесе оның отбасы мүшелерімен арадағы достық қарым-қатынас қызметкерді және/немесе оның жұмыс нәтижелерін объективті бағалауға әсер етпеуі керек. Адамдарды достық қарым-қатынас бойынша немесе жеке қалауы бойынша жұмысқа алу туралы шешім қабылдауға жол берілмейді.

Банк пен оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің билікті және өзінің қызметтік жағдайын асыра пайдалануларына, оның ішінде бизнес-процестердің, өнімдер мен қызмет көрсетулердің кемшіліктерін өздерінің жеке басын байыту және/немесе үшінші тұлғаларды байыту мақсатында пайдалануларына, сондай-ақ банктің өнімдері мен көрсетілетін қызметтерін жеке мүдде үшін әділетсіз артықшылық бойынша, алаяқтық немесе басқа да жосықсыз жолмен пайдалануларына жол берілмейді.

Қызметкерлерге қысым көрсетуге, қызмет бабын пайдалана отырып қызмет алуға, пайда табуға немесе қызметкерлердің білімін, тәжірибесін, уақытын тікелей лауазымдық міндеттерді орындауға қатысы жоқ жұмыстарға салуға жол берілмейді.

Қызметкерлердің басқа қызметкерлерге қоқан-лоқы көрсетулеріне жол берілмейді. Банкпен және оның еншілес ұйымдарымен ынтымақтастық орнату туралы шешім қабылдауға клиенттермен/әлеуетті клиенттермен, серіктестермен/әлеуетті серіктестермен және/немесе олардың отбасы мүшелерімен арадағы достық қарым-қатынастың ықпал етуіне жол берілмейді.

Басқа құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлеріне бағалау жүргізетін және/немесе олардың жұмыстарын тексеретін және бағалайтын Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері объективті және бейтарап болулары тиіс.

6) Сыртқы коммуникацияны этикаға сай жүргізу.

Банк қызметкерлері мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері өздерінің мінез-құлқымен сыртқы ортада Банктің және оның еншілес ұйымдарының оң имиджін қалыптастыруға үлес қосулары, оның беделін өсіруге ұмтылулары, Банктің және оның еншілес ұйымдарының беделіне нұқсан келтіруі және/немесе Банктің және оның еншілес ұйымдарының мүдделі тараптармен арадағы қарым-қатынастарына теріс әсер етуі мүмкін қандай да бір өтініштер мен ақпараттардың жариялануына жол бермеулері тиіс. Қызметкерлер Банктің және оның еншілес ұйымдарының атынан әрекет ететіндерін, тіпті Банктен және оның еншілес ұйымдарынан тыс жерлерде де, және қызметкердің әрбір іс-әрекеті Банк пен оның еншілес ұйымдарының әрекеті ретінде қабылдануы мүмкін екенін түсінулері керек.

Банктің қызметкерлері мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері Интернет желісінде хабар алмасып және ақпарат жариялай отырып, әсіресе өткір әлеуметтік, саяси және/немесе діни тақырыптарды талқылаған кезде, жауапкершілік және парасаттылық танытулары тиіс. Егер Банк қызметкерлері мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мұндай ақпаратты жеке басылымдарда жарияласа немесе Интернет желісіндегі өзге де көздерде орналастырса, және бұл ретте олардың Банкпен және оның еншілес ұйымдарымен байланысы байқалса, бұл пікір қызметкердің жеке ұстанымы ғана екенін және Банкке және оның еншілес ұйымдарына қатысы жоқ екенін атап көрсету талап етіледі.

Банктің және оның еншілес ұйымдарының атынан ресми ұстанымды арнайы өкілеттік берілген адамдар ғана білдіре алады.

Банктің және оның еншілес ұйымдарының құпия ақпаратын жеке коммуникацияларда пайдалануға жол берілмейді. Банктің, оның акционерлерінің, іскерлік серіктестерінің, клиенттерінің, өкілдіктері мен еншілес ұйымдарының қызметіне қатысты кез келген ақпаратты Банк басшылығының және оның еншілес ұйымдарының тиісті рұқсатынсыз және қажетті өкілеттіктерсіз бұқаралық ақпарат құралдарына, сондай-ақ жеке тұлғаларға дербес беруге жол берілмейді.

Банк қызметкерлері мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері бәсекелес банктердің кәсібилігіне күмән келтіретін арыз-шағымдарп жазбаулары керек, сондай-ақ үшінші тұлғалардың мұндай өтініштерін талқыламаулары немесе қолдамаулары тиіс.

7) Адал бәсекелестікті және әділ іскерлік тәжірибені сақтау.

Банк және оның еншілес ұйымдары өз қызметкерлерінің клиенттер мен серіктестерге әділ болуларын, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтағандарын, іскерлік мақсаттарға қол жеткізу процесінде адалдық танытқандарын қалайды. Банк сондай-ақ, контрагенттердің сенімділігін, мүдделер қақтығысының бар-жоғын, Банктің жария лауазымды тұлғаларымен және қызметкерлерімен өзара байланысын тексеру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

Банк және оның еншілес ұйымдары еркін және әділ бәсекелестік қағидаларын құрметтейді және сақтайды. Әлеуетті серіктестермен/клиенттермен/ жеткізушілермен қарым-қатынас орнатқан кезде Банк қызметкерлері мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері іскерлік қатынастар орнату рәсіміне және сауда-саттықты жүргізудің нәтижелеріне араласпаулары және ықпал етпеулері керек. Бәсекелес банктерге қатысты жосықсыз әрекеттерге де жол бермеулері тиіс.

- 8) Құпия ақпаратты жария етпеу.
Банк өз қызметкерлерінен және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлерінен қолданыстағы заңдардың талаптарын, сондай-ақ құпия ақпаратты қорғауға бағытталған Банктің ішкі құжаттарының талаптарын мүлтіксіз сақтауды талап етеді.
Ақпаратты жария етуге қолданыстағы заңдармен рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, Банктің барлық қызметкері мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері өздеріне сеніп тапсырылған барлық ақпараттың құпиялылығын сақтаулары тиіс.
Клиенттерден, серіктестерден және өзге де мүдделі тараптардан алынған ақпараттарды қоса алғанда, құпия ақпараттарды бәсекелес банктерге жария етуге рұқсат етілмейді.
Банктің қызметкерлері мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері (ақпаратты жария ету процесіне тартылған шамада) Банктің қолданыстағы заңдарында және ішкі құжаттарында белгіленген ақпараттарды жария етудің талаптары мен рәсімдерін білулері және оларды мүлтіксіз сақтаулары тиіс.
3. Этикалық іскерлік мінез-құлық өзара сенімді нығайтуға негіз болады. Кодексте баяндалған қағидаттар мен нормаларды сақтау - Банктің әрбір қызметкері мен оның еншілес ұйымдарының әрбір қызметкерінің жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады

5-бап. Бұзушылықтар туралы хабарлау. Өтініштермен жұмыс жүргізу

1. Әрбір мүдделі Тарап бұзушылықтарға/ Кодексті бұзушылықтарға қатысты өзінің алаңдаушығы, күдіктері және/немесе оны заңсыздыққа итермелеу әрекеттері туралы хабарлауға құқылы.
2. Барлық мүдделі тараптар үшін, этика мәселелері бойынша өтініштерді қабылдайтын арналар:
 - 1) ethics@fortebank.com электрондық поштасы;
 - 2) Банктің ресми сайтындағы «Бізге жазыңыз» бөлімі, «Этика» тақырыбымен
 3. Банк өтініштерде баяндалған фактілерді міндетті түрде тексеруді және тексеру барысында бейтарап болуды қамтамасыз етеді және оларды жою, әрі қарай ондай жағдайларға жол бермеу мақсатында барлық расталған фактілерге жауап береді.
4. Егер онда баяндалған фактілер Банк үшін ықтимал тәуекел болса және қолданыстағы заңдар мен Банктің ішкі құжаттарының талаптарын бұзу ықтималдығы байқалса ғана, Банк анонимді өтініштерді қарайды. Банк ықтимал тәуекелдер туралы хабарланбаған анонимді өтініштерді қараусыз қалдыруға құқылы. Оларға жауап берілмейді.

6-бап. Мүдделі тараптарды этика мәселелері бойынша оқыту және хабардар ету

1. Банк қызметкерлерін және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлерін ақпараттандыру және оқыту арқылы олардың корпоративтік мәдениетінің деңгейін үздіксіз арттырып отырады.
2. Қызметкерлердің хабардар болу деңгейін арттыру және оларды этика мәселелеріне тарту үшін Банк коммуникациялардың ішкі және сыртқы арналарын пайдаланып, келесі іс-шараларды жүргізеді (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей):
 - 1) Банктің барлық қызметкері танысуы үшін Кодексті Банктің ішкі корпоративтік порталында жариялайды;
 - 2) Барлық мүдделі тарап танысуы үшін Банктің ресми сайтында Кодекстен үзінділерді жариялайды.

7-бап. Жауапкершілік және салдар

1. Банктің және оның еншілес ұйымдарының әрбір қызметкері Кодексте жазылған нормалардың, қағидаттар мен ережелердің сақталуына дербес жауапты болады.
2. Банктің және оның қызметкерлерінің жұмыстарында жіберілген кемшіліктер және/немесе бұзушылықтар туралы не сондай фактілерге күдіктер туралы хабарлаған барлық мүдделі тарапқа Банк оларды барлық тараптың, оның ішінде үстерінен шағым түскен тараптың да қудалауынан қорғауға кепілдік береді.

8-бап. Қорытынды ережелер

1. Банктің барлық қызметкері осы Кодекстің қағидаттары мен талаптарының сақталуына, сондай-ақ осы қағидаттар мен талаптарды бұзатын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жауапты болады.
2. Реттеу тәртібі Кодексте айқындалмаған мәселелер қолданыстағы заңдардың және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес шешілуі тиіс.